

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2023 ж. 24 мамыр жарияланды

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрдің  
орынбасары - Қаржы министрі  
Е. К. Жамаубаевқа

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздегі ғылым саласының маңыздылығын арттыру үшін 2025 жылға дейін білім саласына бөлінетін қаражатты 6 есе, ғылымға бөлінетін қаржыны 7 есе өсіруге қатысты тапсырма берді.

Осы негізде «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасында білім және ғылым саласын қаржыландыру мен сала қызметкерлерінің еңбекақысын көбейту мәселесіне ерекше мән берілген. Осы тұста ғылыммен айналысатын білім ұйымдарын қаржыландыру базалық емес, мемлекеттік тапсырыс бойынша жүзеге асырылуда. Соның салдарынан еліміздегі 20-ға жуық ғылыми-зерттеу институты мемлекеттік тапсырысты ала алмай, жұмыс жүйелі жүргізілмеуде.

Оған мысал ретінде Сыр өңіріндегі үлкен ғылыми орда және еліміздегі күріш саласын зерттейтін жалғыз мекеме – Ыбырай Жақаев атындағы **Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын** айтуға болады. Институт бүгінде материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуді қоя тұра, **жыл басынан бері 5 ай бойы** еңбекақыны уақытылы төлей алмауда. Соған байланысты ғалымдар алдындағы жалақы қарызы 13 млн. теңгеден асқан. Бұл мәселені Парламент Мәжілісінің депутаттары алдыңғы өткен Үкімет сағатында да көтерді.

Негізінен, **ғылыми-зерттеу институты** ғалымдарының жасап жатқан жұмыстары елімізге өте маңызды. Өйткені, суды үнемдеу, топырақты қалпына келтіру, жергілікті климат ерекшеліктеріне бейімделген күріш және ауыспалы егіс дақылдарының селекцияларына зерттеулер жүргізудің Сыр өңірі үшін маңыздылығы жоғары. Күріштің танымал «**Маржан**» сортын осы институттың ғалымдары шығарған.

Ал қазіргі таңда білікті мамандар сапалық көрсеткіштері жоғары, импорттық сорттарды алмастыра алатын жаңа «Сыр сұлуы», «Айсара», «АйКерім» сорттарын шығаруда. Оған қоса, институт ғалымдарды мал шаруашылығының маңызын ескеріп, жоңышқаның, түйежоңышқаның, бидайдың, қауынның жаңа сорттарын шығару жұмыстарын жүргізуде.

**Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы!**

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының көтеріп отырған мәселелерін жан-жақты зертеп, заңнамаға сәйкес өзгерістер жасап, базалық қаржыландыру мәселесін қайта қарауды сұраймын.

**Құрметпен,  
«АМАНАТ» партиясы фракция мүшесі,  
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты**

**М. Ергешбаев**